



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№9/191
28 ақпан



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет
www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru



Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ

«Жобасы бұқаралық ақпарат
құралдарында 2026 жылғы
12 ақпанда жарияланған Қазақстан
Республикасының жаңа
Конституциясын қабылдайсыз ба?»
мәселесі бойынша

Референдум азаматтардың ерікті қатысуы, ойын ашық
білдіруі, сондай-ақ жалпыға бірдей, тең, төте және
жасырын дауыс беру қағидаттары бойынша өткізіледі

Қазақстан Республикасының
Орталық референдум комиссиясы
www.election.gov.kz

«ДАУЫС БЕРУГЕ АРНАЛҒАН БЮЛЛЕТЕНЬ»

2026 жылдың 15 наурызында «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал бойынша республикалық референдум өтеді.

Референдумда әрбір қазақстандық жеке дауыс береді. Бюллетень жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде референдумда дауыс беруге құқылы азаматтар тізімі негізінде беріледі. Содан кейін Сіз бюллетеньді алғаныңыз туралы тізімге қол қоясыз.

Бюллетень жасырын дауыс беруге арналған кабинада толтырылады. Бюллетеньде Сіз өзіңіз жақтап дауыс беретін жауап нұсқасының оң жағындағы бос шаршыға кез келген белгі қоясыз. Бюллетеньге қарындашпен белгі қоюға, сондай-ақ оған қандай да бір түзету енгізуге болмайды. Толтырылған бюллетеньді дауыс беру жәшігіне с аласыз.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

«БЮЛЛЕТЕНЬ ДЛЯ ГОЛОСОВАНИЯ»

15 марта 2026 года состоится республиканский референдум по вопросу: «Принимаете ли Вы новую Конституцию Республики Казахстан, проект которой опубликован в средствах массовой информации 12 февраля 2026 года?».

На референдуме каждый казахстанец голосует лично. Бюллетень выдается на основании списка граждан, имеющих право голосовать на референдуме, при предъявлении документа, удостоверяющего личность. После этого Вы расписываетесь в списке в получении бюллетеня.

Бюллетень заполняется в кабине для тайного голосования. В бюллетене Вы ставите любую отметку в пустом квадрате справа от варианта ответа, за который голосуете. Не допускается проставление отметок в бюллетене карандашом, а также внесение в него каких бы то ни было исправлений. Заполненный бюллетень опускаете в урну для голосования.

Важно голос каждого из нас!

Центральная комиссия референдума Республики Казахстан

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ – БІРЛІК НЕГІЗІ: КОАЛИЦИЯ МҮШЕЛЕРІ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ЖҰРТШЫЛЫҒЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Жалпыұлттық коалиция мүшелері Қарағанды облысының жұртшылығымен және Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдерімен кездесу өткізді. Достық үйінде өткен жиынға 150-ге тарта адам жиналды, олардың қатарында қоғам қайраткерлері, этномәдени бірлестіктердің өкілдері, мәслихат депутаттары және қоғамдық пікір көшбасшылары болды.

Кездесуде билік тармақтарын түбегейлі жаңарту, этносаралық келісім, Қазақстан халқы Ассамблеясының қазіргі институттарының өзгеруі және Халық кеңесі – жаңа консультативтік органының құрылуы сынды мәселелер талқыланды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері көпэтносты қоғам үшін сенім, теңдік және өзара сыйластық маңызды екенін, бұл жаңа Конституцияның преамбуласынан бастап айқын көрсетілгеніне назар аударды.

ҚХА қызметін қайта форматтау мәселесі жеке блокта талқыланып, онда Ассамблея тұрақтылық пен этносаралық келісімді қамтамасыз етуде маңызды тарихи рөл атқарғаны атап өтілді. Осы ретте, қоғамдық процестер мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимыл тетіктерін жаңартуды талап етіп отыр.

Президент ұсынған жаңа Халық кеңесі институты этномәдени бірлестіктердің өкілдерін, мәслихат депутаттарын және азаматтық сектор өкілдерін біріктіруге тиіс.

Бұл орган елдегі маңызды қоғамдық-саяси мәселелерді, соның ішінде этносаралық қатынастар мәселелерін талқылауға азаматтарды кеңінен тартатын басты диалог алаңына айналады деп күтілуде. Заңнамалық бастама жасау мүмкіндігі Халық кеңесіне қоғам сұранысын негізге ала отырып, өз күн тәртібін жүйелі түрде ілгерілетуге жол ашады.

Кездесу соңында қатысушылар өңірдің әлеуетін арттырып, тұрмыс сапасын жақсарту, қоғамдық бірлікті нығайту және әділеттілікті қамтамасыз ету бағытында бірлескен жұмыстарды жалғастыруға әзір екенін айтып, жаңа Конституцияны толық қолдайтындарын жеткізді.

Қарағанды облысы әкімдігінің баспасөз орталығы

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ЖҰРТШЫЛЫҒЫ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ЖОБАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІН ТАЛҚЫЛАДЫ



«Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» Жалпыұлттық коалициясы Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошановтың жетекшілігімен Қарағанды облысына барды. Жұртшылықпен, профессорлық-оқытушылық құраммен, студенттермен, шахтерлермен, мәдениет қайраткерлерімен, жергілікті мәдени қауымдастықпен ауыл тұрғындарымен кездесулерде қарағандылықтар жаңа Ата Заңның жаңа редакциясына қатысты пікірлерін білдірді.

Жаңа Конституция нормалары жөніндегі талқылау Қарағанды облысының жұртшылығымен және Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдерімен кездесуден басталды. Достық үйінде қоғам қайраткерлері, этномәдени бірлестіктер өкілдері, мәслихат депутаттары және пікір көшбасшыларынан құралған 200-ге тарта адам жиналды.

Кездесудің негізгі тақырыптары – биліктің барлық тармағын жаңарту, этносаралық бейбітшілік мәселелері, қазіргі қоғамдық келісім институттарының трансформациясы және жаңа консультативтік орган – Халық Кеңесін құру болды. Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов жаңа Конституцияның құндылықтары қоғамды әділдік, заңдылық және барлық азаматтарға тең мүмкіндіктер сияқты айқын және түсінікті басымдықтар негізінде біріктіретінін атап өтті.

– Тәуелсіздікті сақтау мен нығайту жолындағы басты міндет – мемлекетіміздің ішкі тұрақтылығын және тұтастығын қамтамасыз ету. Бұл мәселе жаңа Ата Заң жобасында нақты көрсетілген. Онда билік институттарының құзыреттері мен функциялары айқын әрі нақты белгіленіп, олардың арасындағы теңгерім толық сақталған. Жаңа Конституцияға сәйкес, Қазақстанда Президенттік басқару формасы сақталады. Мемлекет басшысы Конституцияның кепілі болып, мемлекеттік аппараттың үздіксіз, үйлесімді әрі жүйелі жұмысын қамтамасыз етеді, – деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс Төрағасы атап өткендей,

жаңа Конституция президенттік реформалар бағытының жүйелі іске асырылуы мен кең ауқымды қоғамдық талқылаудың нәтижесі болды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы қызметінің трансформациясы туралы сөз қозғалғанда коалиция мүшелері Ассамблеяның тұрақтылықты қамтамасыз етіп, этносаралық келісімді нығайтуда маңызды тарихи рөл атқарғанын атап өтті. Президент ұсынған жаңа институт – Халық Кеңесі халық бірлігін нығайтудағы жаңа қадам болып, этномәдени бірлестіктердің өкілдерін, мәслихат депутаттарын және азаматтық сектор өкілдерін біріктіруге тиіс.



Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары Марат Әзілханов өз сөзінде Халықтық Конституция қоғамдық келісім, халық бірлігі және этносаралық диалог қағидаттарын нығайтатынын атап өтті. Оның айтуынша, құжат «біз әртүрліміз, бірақ теңбіз» қағидатын бекітіп, этносына немесе өңіріне қарамастан барша азаматтардың мүмкіндіктерінің теңдігіне кепілдік береді.

Аймақтық коалиция мүшесі және «Вайнах» бірлестігінің төрағасы Увайс Джанаев Қарағанды тарихи тұрғыда көпәтносты өңір екенін атап өтті. Қазіргі уақытта мұнда 60-тан астам

этномәдени бірлестік жұмыс істейді. Ол жаңа буын Ассамблея мүшелерінің қоғамдық жұмысқа белсене араласатынына тоқталды.

Мазмұнды әңгіме Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университетінде зиялы қауым өкілдері, профессорлық-оқытушылық құрам және студент жастар арасында жалғасты. Талқылауға шамамен 500 адам қатысты. Ашық форматтағы диалог қатысушыларға жаңа Конституцияны қабылдаудың тарихи маңыздылығы, білім беру жүйесінің болашағы, жастар мен интеллектуалды еңбектің ел дамуына қосатын рөлі жөнінде пікір алмасуға мүмкіндік

новациялық бастамаларды қолдай Ата Заңның басым бағыттарына айналатынын айтты.

«Qarmet» кәсіпорнында шахтерлер мен металлургтердің кәсіподақ ұйымдарының басшыларымен және өкілдерімен әңгіме мазмұнды өтті.

Кәсіподақ өкілдері жаңа Конституция мәтінімен танысқанын және ондағы негізгі идея – «Адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» қағидасын толық қолдайтынын атап өтті. Еңбек адамдарының пікірінше, құжаттағы негізгі басымдықтар – тыныштық пен тұрақтылық, ертеңгі күнге сенім және отбасыларының амандығы мен әл-ауқаты болып отыр.

Ақындар, жазушылар мен термешілердің қатысуымен өткен диалог шығармашылық мамандықтарды қолдау, тарихи дәстүрлерді сақтау және мәдени мұраны жаңа Конституцияда бекіту мәселелеріне бағытталды.

Коалиция мүшелері зиялы қауым назарын алдағы референдумның тарихи маңызына аударып, бұл келер ұрпақ үшін ұлттық өнерді дамыту мен сақтаудың берік құқықтық негізін қалыптастыратынын жеткізді.

Жалпыұлттық коалицияның сапары Бұқар-Жырау ауданына қарасты Гагарин ауылында өз мәресіне жетті. Мұнда ауыл тұрғындары – қандастар, қарттар, жастар, белсенді азаматтармен кездесу өтті.

Талқылаудың басты тақырыбы Ата Заңның жаңа редакциясында адамның өмірі мен қадір-қасиетінің ең жоғары құндылық ретінде бекітілуі болды. Бұл барлық азаматтардың білім алуын, медициналық қызметпен қамтылуын және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етеді. Өз кезегінде ауыл тұрғындары адами капиталды білім, ғылым және инновациялар арқылы дамыту маңызды басымдық екенін атап өтті.

Барлық кездесулердің қорытындысы бойынша Қарағанды облысының тұрғындары референдумға қатысу елдің алдағы бағытын қалыптастыратын маңызды қадам екенін атап өтті.

*Қарағанды облысы әкімдігінің
баспасөз орталығы*



2026 ЖЫЛҒЫ 15 НАУРЫЗҒА ТАҒАЙЫНДАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМДЫ ӨТКІЗУГЕ ҚАНШАЛЫҚТЫ ДАЙЫНБЫЗ?

15 НАУРЫЗ МАРТА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМНЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

АҚПАН						
Дү	Сә	Ср	Бе	Жү	Сн	Же
9	10	11	12	13	14	15
16	17	18	19	20	21	22
23	24	25	26	27	28	

НАУРЫЗ						
Дү	Сә	Ср	Бе	Жү	Сн	Же
						1
2	3	4	5	6	7	8
9	10	11	12	13	14	15

12 ақпан – 14 наурыз сағат 00.00-ге дейін	Үгіт жүргізу
2026 ж. 21 ақпан	Аумақтық және учаскелік комиссиялардың құрамдарын, референдум учаскелерінің шекаралары туралы мәліметтерді жариялау
2026 ж. 22 ақпан	Референдум комиссияларына дауыс беруге арналған тізімдерді ұсыну
2026 ж. 27 ақпан - 4 наурыз	Азаматтарды дауыс беру уақыты мен орны туралы хабардар ету
2026 ж. 12-14 наурыз	УРК-ға бюллетеньдерді жеткізу
2026 ж. 14 наурыз	Тыныштық күні
2026 ж. 15 наурыз	Дауыс беру күні

2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған Республикалық референдум жайлы толық ақпарат алу үшін Приозерск қалалық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасар Алма Аманқызынан сұхбат алдық.

Референдумды өткізу бойынша Приозерск қаласында қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

Республикалық референдумды өткізуге 12 референдум комиссиялары қатысады: Приозерск қаласының референдум комиссиясы, құрамында 7 комиссия мүшесі (комиссия мүшелерінің тәжірибесі 100%) және 11 учаскелік референдум комиссиясы құрамында 55 комиссия мүшесі (комиссия мүшелерінің тәжірибесі 96,3%).

Күңтізбелік жоспарға сәйкес аталған ақпаратты жариялау барысы туралы айтып берсеңіз.

Күңтізбелік жоспарға сәйкес учаске шекаралары, референдум комиссияларының құрамдары Приозерск қаласының әкім аппаратының сайтында және «Qorjyntubek Jarşysy» газетінің ағымдағы жылдың 14 ақпандағы №7/189 номерінде жарияланды.

Референдумға қатысу құқығы қандай азаматтарға беріледі? Референдумда қойылған негізгі сауал қандай?

Референдумға қатысу құқығына 18 жасқа толған Республика азаматтары ие болады. Референдум ерікті қатысу, еркін ерік білдіру, сондай-ақ азаматтардың жалпыға бірдей, тең, тікелей және жасырын дауыс беру қағидаттарына сай өтеді. Референдумда «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал қойылды.

Азаматтар өз деректерін қашаннан бастап тексере алады?

Егер азаматтың тұрақты тіркелуі болмаса, ол қалай дауыс беруші ретінде тіркеле алады?

Тізімдерді әкімдіктер нақты дауыс беру учаскесінің аумағындағы тұрғылықты мекенжайыңыз бойынша тұрақты тіркелудің негізінде жасайды. Егер тұрақты тіркелу болмаса, азамат референдум тағайындалған сәттен бастап, тиісті жергілікті атқарушы органда дауыс беруші ретінде тіркеле алады. 2026 жылғы 27 ақпаннан бастап дауыс беруші өз учаскесінде республикалық референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінен өзі туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Приозерск қаласындағы сайлау учаскелерінің референдумға дайындығы туралы айтып берсеңіз.

Приозерск қаласында орналасқан сайлау учаскелері Қазақстан Республикасы Елтаңбасы және туларымен, дауыс беруге арналған кабиналармен, стационарлық және тасымалды жәшіктермен, оргтехникалармен, стол, орындықтармен, сейфтермен жабдықталады, байланыс телефондары жүргізіледі.

Приозерск қаласындағы референдум комиссияларының дайындық барысы туралы айтып берсеңіз.

Приозерск қаласының аумақтық референдум комиссиясы учаскелік референдум комиссияларымен референдумды ұйымдастыру мен өткізу бойынша екі оқыту семинарларын өткізді. Референдум комиссиялары өз біліктілігі мен тәжірибелерін арттыру мқсатында толықтай тестілеуден өтті.

Сұхбатқа қатысып, маңызды ақпаратпен бөліскеніңіз үшін рахмет. Жұмысыңызға сәттілік тілейміз!

Сұхбаттасқан
«QORJYNTÜBEK JARŞYSY»
газетінің бас
редакторы Исатай М.

УЧЕТНЫЙ НОМЕР В ВЕТЕРИНАРИИ: ЧТО ВАЖНО ЗНАТЬ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЯМ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ В 2026 ГОДУ

В сфере сельского хозяйства и переработки продукции животного происхождения обязательным требованием является наличие учетного номера объекта производства. Несмотря на то, что процедура его присвоения относится к государственным услугам, предприниматели не всегда осведомлены о порядке и значении его получения.

Департамент Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы по Карагандинской области, как уполномоченный орган по оценке и контролю качества оказания государственных услуг, разъясняет основные положения.

Учетный номер это уникальный код, присваиваемый крестьянским хозяйствам, убойным пунктам и площадкам, складам хранения, перерабатывающим предприятиям, а также организациям по производству и реализации ветеринарных препаратов, кормов и кормовых добавок. Он подтверждает официальную регистрацию объекта и его нахождение под ветеринарно-санитарным контролем.

Наличие учетного номера означает законность деятельности, возможность оформления ветеринарных сертификатов, допуск продукции к реализации, государственный контроль качества и безопасности, а также возможность отслеживания происхождения продукции.

Без учетного номера оформление ветеринарных документов, перевозка и реализация продукции невозможны.

В области государственную услугу оказывает Карагандинская областная территориальная инспекция Комитета ветеринарного контроля и надзора МСХ РК. Срок оказания услуги - 2 рабочих дня.

Для получения номера требуется ветеринарно-санитарное заключение о соответствии объекта требованиям. Заявление подается через портал электронного лицензирования с ис-

пользованием ЭЦП.

Что изменилось в 2026 году?

С 19 января 2026 года в Правилах оказания государственной услуги внесены важные изменения:

- учетные номера теперь выдаются сроком на 3 года;
- объектам, работающим по договору аренды сроком менее 3 лет, номер выдается на срок действия договора;
- убойным площадкам учетный номер выдается на 1 год с ежегодным подтверждением;
- номера, выданные до 1 января 2026 года без указания срока действия, считаются действующими с отчетом срока с 1 января 2026 года;
- за 30 календарных дней до окончания срока необходимо пройти повторную процедуру;
- при истечении срока статус в системе меняется на «Действие учетного номера прекращено».

Изменения направлены на усиление контроля и обеспечение безопасности продукции.

Уважаемый услугополучатель, если в процессе получения государственной услуги Вы столкнулись с административными препятствиями, такими как истребование излишних документов, нарушение сроков оказания госуслуги, необоснованный отказ, либо с другими нарушениями Вы имеете право обратиться в Департамент Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы по Карагандинской области для восстановления своих нарушенных прав по следующему адресу:

г. Караганда, проспект Нұрсұлтан Назарбаева, 39. Телефоны для связи: 8 (7212) 50-40-66, 8 (7212) 50-33-83.

Статья главного специалиста
Управления государственных услуг
Департамента по делам
государственной службы по
Карагандинской области
Амангельдиновой С.С.

АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДЕ МЕДАЦИЯ ТӘРТІБІН ҚОЛДАНУ

Қазіргі құқықтық мемлекет жағдайында азаматтық дауларды тиімді әрі биік жолмен шешу маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Осы орайда медиация институты азаматтық іс жүргізуде нәтежиелі көрініс аukumын кеңінен қолданылуда. Медиация тараптардың өз ара келісім негізінде дауды сотқа дейін немесе сот барысында шешуге мүмкіндік беретін рәсім. Медиация дауларды ерікті, құпия және бейтарап түрде шешуге бағытталған рәсім.

Азаматтық іс жүргізуде медиацияны қолданудың бірқатар артықшылықтары бар. Біріншіден ол уақыт пен қаржылық шығынды азайтады. Екіншіден тараптар арасыдағы қарым-қатынасты сақтауға мүмкіндік береді. Үшіншіден медиативтік келісім тараптардың өз еркімен қабылданатындықтан оның орындалу деңгейі жоғары болады. Сонымен қатар медиация соттардың жүктемесін азай-

туға ықпал етеді.

Медиация азаматтық-құқықтық даулардың кең ауқымында қолданылады. Оларға отбасылық еңбек, мүліктік, шарттық және көршілестік даулар жатады. Алайда заңнамада медиация қолдануға болмайтын жағдайларда қарастырылған атап айтқанда, үшінші тұлғалардың немесе мемлекет мүделеріне нұқсан келтіретін істерде медиацияға жол берілмейді.

Қорытындылай келе азаматтық іс жүргізуде медиация тәртібін қолдану дауларды бейбіт, тиімді және әділ шешудің заманауи тәсілі. Медиация құқықтық мәдениетті арттырып қоғамдағы әлеуметтік келісімді нығайтады. Сондықтан медиация институтын дамыту және оны азаматтық процестте кеңінен қолдану құқықтық мемлекеттің дамуына оң ықпал етеді.

Сот әкімшісінің басшысы
Э.А.Жакупова

**2026 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК АКТИВТЕР ЖӘНЕ САТЫП АЛУ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ
КЕСТЕСІ**

Мемлекеттік мекеменің атауы	Азаматтарды қабылдайтын тұлғаның аты - жөні	Азаматтарды қабылдайтын тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдайтын уақыты мен күні	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефондары
«Приозерск қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Жүсіпов Ахан Жармаханұлы	Бөлім басшысы	Күнделікті сағат 17.00 де	Приозерск қаласы, Балхаш көшесі, 5	8(71039) 5-28-59
«Приозерск қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Дюсенбаев Абиль Зейнелкапдулович	Сектор меңгерушісі	Күнделікті сағат 17.00 де	Приозерск қаласы, Балхаш көшесі, 5	8(71039) 5-29-03

**«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ІШКІ САЯСАТ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ
5-27-92**

Бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдау уақыты. Сейсенбі сағат 17:00-ден 18:00-ге дейін.

**ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧЕРЕЖДЕНИЕ
«ОТДЕЛ ВНУТРЕННЕЙ ПОЛИТИКИ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК»
5-33-16**

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела. Вторник с 17:00 до 18:00 часов.

**«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ АППАРАТЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ
5-33-16**

Мәслихат төрағасы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

**ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧЕРЕЖДЕНИЕ «АППАРАТ
ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА»
5-33-16**

Председатель городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных

**«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК
БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ
СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ
5-38-70**

Бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдау уақыты - дүйсенбі, сәрсенбі, жұма күндері: сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін, 15.00-ден 17.00-ге дейін.

**ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГУ «ОТДЕЛ ЗАНЯТОСТИ И
СОЦИАЛЬНЫХ ПРОГРАММ Г. ПРИОЗЕРСК»
5-38-70**

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела - понедельник, среда, пятница с 10.00 до 12.00; с 15.00 до 17.00 часов.

**«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ӘКІМ АППАРАТЫ» ММ
СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ:
5-30-06**

Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты:
Қала әкімі – әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап.
Әкім орынбасары (коммуналдық сала) – әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап.
Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) – әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап.

**ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГУ «АППАРАТ АКИМА
ГОРОДА ПРИОЗЕРСК»: 5-30-06**

График приема граждан:
Акима города – еженедельно по понедельникам с 17.00 часов
Заместитель акима (коммунальная сфера) – еженедельно по вторникам с 17.00 часов
Заместитель акима (социальная сфера) – еженедельно по средам с 17.00 часов

**«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІНІҢ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ
5-20-17**

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі – дүйсенбі-жұма сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

**ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧЕРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ
СТРОИТЕЛЬСТВА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК»
5-20-17**

График приема граждан руководителем отдела – Понедельник-Пятница с 17.00 по 18.00 часов.

№	Мекеменің атауы	Сенім телефоны/ Телефон доверия	Наименование организации
1	«Приозерск қаласы әкімінің аппараты» ММ	5-30-06	ГУ «Аппарат акима города Приозерск»
2	«Приозерск қаласының ішкі саясат бөлімі» ММ	5-27-92	ГУ «Отдел внутренней политики города Приозерск»
3	«Приозерск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, спорт және дене шынықтыру бөлімі» ММ	5-40-93	ГУ «Отдел культуры, развития языков, спорта и физической культуры города Приозерск»
4	«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ	5-38-70	ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск»
5	«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ	5-32-48	ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»
6	«Приозерск қаласының экономика және бөлімі» ММ	7-00-51	ГУ «Отдел экономики и финансов города Приозерск»
7	«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ	5-32-99	ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск»
8	«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ	5-20-17	ГУ «Отдел строительства города Приозерск»
9	«Приозерск қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» ММ	5-28-59	ГУ «Отдел государственных активов и закупок города Приозерск»
10	«Приозерск қаласының тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ	7-00-14	ГУ «Отдел жилищных отношений и жилищной инспекции города Приозерск»
11	«Приозерск қаласының тұрғын үй шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ	5-38-76	ГУ «Отдел ЖКХ, пассажирского транспорта и автомобильных дорог города Приозерск»

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru Таралымы: 500 дана Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35 QORJYNTUBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы,
Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары,
38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15,
«Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №9/191, Таралымы: 500 дана,
пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және
Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми
тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27
маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері
редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар
мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама
беруші жауап береді. Газетте жарияланған мате-
риалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
Суреттер интернеттен және архивтардан алын-
ды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарыл-
майды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.
Балаларға тыйым салынған.